



«Бекітемін»  
мектеп директоры:  
А. Тәжин

*Қорғалжын ауылының мектеп-гимназиясының  
тәрбие жұмысының жоспары  
2021-2022 оқу жылының*



### **Тәрбие жүйесінде басшылыққа алынатын құжаттар**

Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына сәйкес оқу-тәрбие жүйесі білім берудің барлық деңгейлерінде бірыңғай идеологиялық және құндылықтар тәсілдеріне құрылады. Тәрбие жұмыстары барлық ынталы тараптар: отбасы, білім беру ұйымдары, қоғамның кең ауқымда қатысуымен кешенді түрде жүргізілуі тиіс.

**Тәрбие жұмыстарын ұйымдастырудың нормативті-құқықтық базасы келесідей құжаттарға сәйкес жүргізіледі:**

- 1) «Бала құқығы туралы» БҰҰ Конвенциясы;
- 2) Қазақстан Республикасының Конституциясы;
- 3) «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Қазақстан Республикасының Кодексі. 26 желтоқсан 2011 жыл;
- 4) «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 8 тамыздағы Заңы;
- 5) «Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы» Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 4 желтоқсандағы № 214-IV Заңы;
- 6) «Балаларды денсаулығы мен дамуына зардабын тигізетін ақпараттан қорғау туралы» Қазақстан Республикасының 2018 жылғы 02 шілдедегі №169-VI Заңы;
- 7) «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі Заңы;
- 8) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы №988 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020 – 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы;
- 9) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2019 жылғы 15 сәуірдегі №145 бұйрығымен бекітілген «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру жағдайындағы Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері.

Мектептің тәрбие бағыты: «Тәрбие жүйесін жетілдіру барысында жас жеткіншектің бәсекелестік қабілетін арттыру».

Мектептің әдістемелік тәрбие тақырыбы: «Білімнің білігін, тәрбиенің тәлімін бере отырып, ұлттық үлгіден әлемдік білім кеңістігіне шығу».

**Тәрбиенің мақсаты:** рухани байлықты, моральдық тазалықты, дене бітімін жетілдіруді, бәсекеге қабілеттілікті, прагматизмді, ұлттық сәйкестікті, білімнің табынуын, эволюциясы мен сана-сезімінің ашықтығын, әлеуметтік рөлдердің жүйесін толықтай орындауға қабілетті, ХХІ ғасырдың лайықты өмірін қалыптастыруға қабілетті жан-жақты және үйлесімді дамыған тұлғаны тәрбиелеу.

**Тәрбиенің міндеттері:**

- 1) ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым және практикалық жетістіктер негізінде тұлғаның дамуы мен құруды қалыптастыруға бағытталған сапалы білім алу үшін қажетті жағдайларды жасау;
- 2) жеке тұлғаның шығармашылық, рухани және дене бітімдік қабілеттерін дамыту, моральды, салауатты өмір салтын нығайту негіздерін қалыптастыру, жеке тұлғаны дамыту, сыни ойлау және функционалдық сауаттылықты (компьютерлік, цифрлық, математикалық, жаратылыстану, оқу сауаттылығын) дамыту үшін жағдай жасауда өз бетінше шешім қабылдау проблемалары арқылы интеллектіні байыту;
- 3) Қазақстан Республикасының Отанға деген махаббатын, азаматтылықты және отансүйгіштікті тәрбиелеу, мемлекеттік символдар мен ұлттық дәстүрлерге деген құрмет, кез келген конституцияға және қоғамға қарсы жағдайларда қарсылық таныту;
- 4) еліміздің қоғамдық-саяси, экономикалық және мәдени өміріне қатысу қажеттілігін, тұлғаның өз құқығын және міндетін сезінуді қалыптасыру;
- 5) психологиялық-педагогикалық құзыреттілікті және ата-аналардың бала тәрбиесіне деген жауапкершілігін арттыру, жастарды дені сау отбасын құруға даярлау, отбасы институтын нығайтуда саналы атсалысу;
- 6) әлеуметтік маңызы бар балалық, отбасылық және ата-аналық бастамаларды, балалардың қоғамдық бірлестіктерінің қызметін дамыту және қолдау;
- 7) Сынып жетекшілердің кәсіби шығармашылығын дамыту, бірлестік жұмысын күшейту, сынып ұжымын ұйымдастыруға әдістемелік көмек көрсету, талдау-диагностикалауға үйрету.

**2021-2022 оқу жылындағы мерейтойлық күнтізбелік күндер**

1. Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне – **30 жыл**;
2. Семей ядролық полигонының жабылуына – **30 жыл**;
3. Қазақтың аса көрнекті ағартушы-педагогі Ыбырай Алтынсариннің туғанына – **180 жыл**
4. Қазақ халық поэзиясының әйгілі тұлғасы, өлең сөздің дүлдүлі, жырау, жыршы Жамбыл Жабаевтың туғанына – **175 жыл**;
5. Қазақтың әйгілі күйші-композиторы, Қазақстанның халық әртісі Дина Нұрпейісованың туғанына – **160 жыл**;
6. Көрнекті қоғам және мемлекет қайраткері, Алаш қозғалысының жетекшісі, публицист, ғалым, аудармашы Әлихан Бөкейханның туғанына – **155 жыл**;
7. Қазақ ақыны, әдебиеттанушы ғалым, түркітанушы, публицист, педагог, аудармашы, қоғам қайраткері Ахмет Байтұрсынұлының туғанына – **150 жыл**;
8. Қазақтың лирик ақыны Мұқағали Мақатаевтың туғанына – **90 жыл**;
9. Этнограф, өнертанушы, әдебиетші, журналист, қоғам қайраткері Акселеу Сейдімбектің туғанына – **80 жыл**.

## Тәрбие жұмысының басым бағыттары мен құндылықтары

### 1. Қазақстандық патриотизм және азаматтық тәрбие, құқықтық тәрбие

**Мақсаты:** Жана демократиялық қоғамда өмір сүруге қабілетті азаматты және патриотты; тұлғаның саяси, құқықтық және ортасындағы қатыгездік пен зорлық-зомбылыққа қарсы мәдениетін; балалар мен жастардың құқықтық санасын, оларда балалар мен жастар

**Құндылығы:** патриотизм, Қазақстан, Отан, халық; құқықтық және азаматтық сана-сезім; тұлғалық еркіндік құндылығы; адамаралық және топаралық төзімділік құндылығы; зорлық-зомбылық пен агрессияға жол бермеу; меншік пен материалдық молшылық құндылығы; еңбекті құрметтеу; өмірге деген құрмет; түрлі кемсітушілікке жол бермеу, адамдардың теңдік құқығы идеясының принципі, құқықтық мәдениет.

### 2. Рухани-адамгершілік тәрбие

**Мақсаты:** Тұлғаның қазақстандық қоғам өмірінің жалпы адамзаттық құндылықтарымен, нормаларымен және дәстүрлерімен келісілген рухани-адамгершілік және этикалық ұстанымдарын, моральдық қасиеттерін және көзқарастарын қалыптастыру.

**Құндылығы:** адамгершілік бейне, адамгершілік сана-сезім; құндылықты сезімдер мен ізгілік қасиеттер, ар-ұят, намыс, парыз, сенім, жауапкершілік, жолдастық, мейірімділік, ұят, табандылық, қайырымдылық, ынтымақтастық, ұлттық келісім құндылығы, өзге халықтардың мәдениетін, салт-дәстүрін және тілін құрметтеу және дәріптеу құндылығы; өмірге деген этикалық жауапкершілік көзқарас.

### 3. Ұлттық тәрбие

**Мақсаты:** Тұлғаны ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтарға, ана тілін және мемлекеттік тілді, қазақ халқының, Қазақстан Республикасындағы этностар мен этникалық топтардың мәдениетін құрметтеуге бағдарлау.

**Құндылығы:** туған жерге деген сүйіспеншілік сезімі, үлкендерді құрметтеу, табиғатқа ұқыпты қарау; ұлт, интернационализм; тарихты есте сақтау; патриоттық рух; Қазақстан ұлттары мен халықтарының гуманистік құндылықтары; ұлттық сана-сезім.

### 4. Отбасы тәрбиесі

**Мақсаты:** Ата-аналарды оқыту, бала тәрбиесінде олардың психологиялық-педагогикалық құзыреттіліктерін және жауапкершіліктерін арттыру.

**Құндылығы:** толыққанды отбасын құру үшін денсаулық құндылығы; рухани байлық; неке құндылығы және отбасы мүшелерін құрметтеу, туыстары мен жақындарына деген адалдық сезімі; отбасылық дәстүрлер; мұралар мен салт-мүшелерін құрметтеу; ана қасиеті; махаббат, адалдық, достық – сезімдері құндылығы.

### **5. Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие**

**Мақсаты:** Тұлғаның өзін кәсіби анықтауына саналы қарым-қатынасын қалыптастыру, экономикалық ойлауын және экологиялық мәдениетін дамыту.

**Құндылығы:** еңбек ең жоғары құндылық ретінде; шығармашылық еңбек; еңбек мәдениеті; экономикалық сана-сезім; мамандық; мансап; функционалдық сауаттылық; компьютерлік сауаттылық; жаһандық экологиялық сана-сезім; экомәдениет құндылығы, экологиялық мәдениет; табиғатқа ерекше құндылық ретіндегі сүйіспеншілік сезімі; туған жерге және кіші Отанға деген сүйіспеншілік сезімі.

### **6. Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениет/ тәрбиесі**

**Мақсаты:** Әрбір тұлғаның зияткерлік мүмкіндігін, көшбасшылық қасиеттерін және дарындылығын, сондай-ақ ақпараттық мәдениетін дамытуды қамтамасыз ететін уәждемелік кеңістік қалыптастыру.

**Құндылығы:** эстетикалық сана-сезім; эстетикалық талғам мен сезім; қазақ халқының, Қазақстандағы басқа да этностар мен этникалық топтардың ұлттық мәдениет құндылықтарын көркемдік-эстетикалық қабылдау.

### **7. Көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие**

**Мақсаты:** тұлғаның жалпымәдени мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру, тұлғаның өнердегі және болмыстағы эстетикалық нысандарды қабылдау, меңгеру және бағалау әзірлігін дамыту, білім беру ұйымдарында көпмәдениетті орта құру.

**Құндылығы:** білімнің құндылығы; зияткерлік позицияның құндылығы; әр тұлғаның көшбасшылық қасиеттері мен дарындылығы құндылығы; ақпараттық мәдениеті, кибермәдениет және кибергигиена.

### **8. Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты**

**Мақсаты:** Салауатты өмір салты, дене дамуы және психологиялық денсаулық сақтау дағдыларын, денсаулыққа зиян келтіретін факторларды анықтау біліктілігін ойдағыдай қалыптастыру үшін кеңістік орнату.

**Құндылығы:** өз денсаулығына жауапкершілікпен қарау құндылығы; кәсіби іс-әрекеттің тиімділігі үшін психологиялық тұрақтылық; салауатты өмір салты, дене тәрбиесі мен спорт, физикалық жетілдіру мәдениеті құндылығы

№	Атқарылатын іс-шаралар	Өткізілу формасы	Мерзімі	Жауаптылар	Нәтиже
<b>I. Ұйымдастыру шаралары және талдау-диагностикалық қызметі</b>					
1	1. 2020-2021 оқу жылына қорытынды жасау. 2. 2020–2021 оқу жылына арналған тәрбие жоспарын талдау және бекіту. 3. 2021-2022 оқу жылында Қазақстан Республикасының жалпы орта білім беретін мектептерінде оқу процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы: Әдістемелік нұсқау хат.	Әдіс, бірлестік отырысы	тамыз	Г.Ашимова	Сараптама жоспар
2	Брифинг «Мемлекет басшысы Қ. К. Тоқаевтың тапсырмаларын орындау шеңберінде жаңа оқу жылына дайындық барысы туралы».	онлайн	тамыз	Класс жетекшілер	<a href="https://www.facebook.com/RSK">https://www.facebook.com/RSK</a>
<b>II. МЕКТЕП ПЕН ОТБАСЫ ҒЫНТЫМАҚТАСТЫҒЫН НЫҒАЙТУ</b>					
1	«Мектепке жол» акциясын ұйымдастыру	ұйымдастыру	тамыз-қыркүйек	Әлеуметтік Класс жетекшілер	Анықтама фотоесеп
2	Ата-аналарды Интернеттегі балалардың жұмысын ата-ана бақылауы ережелерімен таныстыру	таныстыру	1 тоқсан	Класс жетекшілер	Хаттама
3	Штаттық режим оқыту кезіндегі баланың оқу тәртібі және демалысы	түсіндірме жұмысы	1 тоқсан	Г.Ашимова	
<b>III. Құндылықтарға негізделген білім беруді енгізудің ерекшеліктері</b>					
1	«Құндылықтарға негізделген білім беру» жобасын енгізу; өмірлік құндылықтарды қалыптастыру	отырыс	қыркүйек	Мектеп психологі А.Аманжолова	Бірлескен жоспар
2	«Оқыту мен тәрбиелеудегі құндылыққа бағытталған тәсіл–мектеп жүйесінің ажырамас бөлігі»	отырыс	қазан	Г.Ашимова	Бірлескен жоспар
<b>ҚҰНДЫЛЫҚҚА НЕГІЗДЕЛГЕН ТӘРБИЕНІҢ БАСЫМ БАҒЫТТАРЫ</b>					

**Қазақстандық патриотизм мен азаматтық тәрбие, құқықтық тәрбие. Құндылығы:** патриотизм, Қазақстан, Отан, халық; құқықтық және азаматтық сана-сезім; тұлғалық еркіндік құндылығы; адамаралық және топаралық төзімділік құндылығы; зорлық-зомбылық пен агрессияға жол бермеу; меншік пен материалдық молшылық құндылығы; еңбекті құрметтеу; өмірге деген құрмет; түрлі кемсітушілікке жол бермеу, адамдардың теңдік құқығы идеясының принципі, құқықтық мәдениет.

1	«Кел, балалар, оқылық!» тақырыбында 1 класс оқушыларына арналған салтанатты жиыны (1-класс оқушыларына әліппе табыстау рәсімі) «Тәуелсіздік жетістіктері» 2-11 класс	Салтанатты жиын, класс сағаты	01.09	Г.Ашиова Класс жетекшілер	анықтама
2	Құқықтық білім	Құқықтық минуттар	Айына екі рет сейсенбі	Г.Ашимова Класс жетекшілер	жоспар
3	«Психологиялық көмек көрсету және мектептің татуластыру қызметтерін ұйымдастыру», Оқушылардың «Өзін-өзі басқару» ұйымдары, 2021–2022 оқу жылындағы Өзін-өзі басқару ұйымдарының («Жас Ұлан», «Жас Қыран»), т.б. жылдық жоспарын құру	Жоспар құру, бекіту	қыркүйек	Аға тәлімгер А.Бимолдина	жоспар
4	Семей ядролық полигонының жабылуына – 30 жыл; «Туған елге тағзым»	Класс сағаты	17.09.	Класс жетекшілер	жоспар
5	Мектептің ішкі тәртіп ережелері. «Қауіпсіздік әліппесі», «Балалар жолда!»	Класс сағаты	24.09.	Г.Ашимова А.Рыспаева	жоспар
6	Менің бақытты (зорлық-зомбылықсыз) балалық шағым. 1-4, 5-7 кластар	сурет байқауы	қазан	Класс жетекшілер	фотоесеп
7	Оқушылармен аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын алу бойынша тренинг 8-9 кластар	сауалнама	қараша	Мектеп психологі А.Аманжолова	анықтама
8	ҚР Тұңғыш Президенті күні	Класс сағаты	1.12.	Г.Ашимова А.Бимолдина	жоспар
9	1. 2. 10-желтоқсан -Адам құқығы күні 3. 16 желтоқсан – ҚР Тәуелсіздігі күні	Салтанаттық сап тізу	Желтоқсан 8.12.	Г.Ашимова А.Бимолдина	Жоспарлар фотоесеп



	4. 16 - желтоқсан Тәуелсіздік мерекесін атап өту. «Жас ұлан», «Жас Қыран» ұйымдарына оқушылар қабылдау	викторина класс сағаты	10.12.		
10	Этнограф, өнертанушы, журналист, қоғам қайраткері Акселеу Сейдімбектің туғанына – <b>80 жыл</b> .	Класс сағаты	24.12.	Мектеп кітапханашылар Г.Жылысова Класс жетекшілер	жоспар
11	Құқықбұзушылықты алдын алу мақсатында білім алушылармен еркін форматта кездесу	Ашық әңгіме	қаңтар	Мектеп психологі А.Аманжолова	фотоесеп
12	«Ерлер ерлігі» ауған соғысы ардагерлеріне арналған	Класс сағаты	25.02.	АӘД мұғалімі А.Алибаев Класс жетекшілер	жоспар
13	« <b>Жеткіншек және заң</b> » полиция инспекторымен кездесу 5-9 класс	әңгіме	ақпан	Г.Ашимова	фотоесеп
14	Отан қорғаушылар күні, «Ұлы Жеңіс күні»	Класс сағаты	6.05.	Класс жетекшілер	жоспар
15	«Құқықтық сана – қауымға пана». Қауіпсіздік ережелері	Класс сағаты	20.05.	Г.Ашимова Класс жетекшілер	жоспар
<p><b>2. Рухани-адамгершілік тәрбие. Құндылығы:</b> адамгершілік бейне, адамгершілік сана-сезім; құндылықты сезімдер мен ізгілік қасиеттер, ар-ұят, намыс, парыз, сенім, жауапкершілік, жолдастық, мейірімділік, ұят, табандылық, қайырымдылық, ынтымақтастық, ұлттық келісім құндылығы, өзге халықтардың мәдениетін, салт-дәстүрін және тілін құрметтеу және дәріптеу құндылығы; өмірге деген этикалық жауапкершілік көзқарас.</p>					
1	«Оқуға құштар мектеп», 1 класс оқушыларына кітапханаға онлайн саяхат ұйымдастыру	онлайн саяхат	жыл бойына	Класс жетекшілер Г.Жылысова	презентация
2	1.«Қарттарым, аман болсын!» « <b>Жаксы істер мектебі</b> » Қарттар күніне арналған іс-шара 2. «Ұстаз – ұлы есім!» Мұғалімдер күні.	Класс сағаттары	1.10.	Г.Ашимова А.Садвокасов Класс жетекшілер	Фотоесеп

3	Қоғамда мінез-құлық мәдениетін қалыптастыру мақсатында мектепте « <b>Отан оттан да ыстық</b> », « <b>Жолдасы көптің – олжасы көп</b> », « <b>Еңбек – ердің көркі</b> » және т.б. назар аудартатын казак мақал-мәтелдері жазылған баннерлерді мектеп ғимаратына орналастыру	Тақырыптық безендіру	Қыркүйек-қазан	Г.Ашимова Класс жетекшілер	Баннер
4	Қазак акыны, әдебиеттанушы ғалым, түркітанушы, публицист, педагог, аудармашы, қоғам қайраткері Ахмет Байтұрсынұлының туғанына – <b>150 жыл</b> ;	Класс сағаты	8.10.	Г.Ашимова Класс жетекшілер	жоспар
5	Асханада: « <b>Өзіңе-өзің қызмет ет</b> » деген жазу мен коқыс тастау орнын көрсететін көрсеткіштерді орналастыру	Тақырыптық безендіру	Жыл бойына	Мектеп медбикесі А.Бекенова	плакаттар
6	« <b>Қоғамға қызмет</b> » әлеуметтік еріктілер жобасын іске асыру («Мектепке жол», «Қамқорлық», «Мектепке жиналуға көмектес», «Адамға қуаныш сыйла» және т.б. акциялары)	Қайырымдылық іс-шаралар	Жыл бойына	А.Бимолдина Класс жетекшілер	фотоесеп
7	Қазақтың лирик акыны Мұқағали Мақатаевтың туғанына – <b>90 жыл</b>	Класс сағаты	12.11.	Г.Ашимова Класс жетекшілер	жоспар
9	Қазақтың аса көрнекті ағартушы-педагогі Ыбырай Алтынсариннің туғанына – <b>180 жыл</b>	Класс сағаты	26.11.	Г.Ашимова Класс жетекшілер	жоспар
10	«Туған ел» бағдарламасы бойынша «Туған жерімнің тарихы» 8-10 кластар	шығарма сайысы	желтоқсан	Тіл мұғалімдері Н.Рахметова	анықтама
11	Қазақтың әйгілі күйші-композиторы, Қазақстанның халық әртісі Дина Нұрпейісованың туғанына – <b>160 жыл</b>	сынып сағаты	қаңтар	Г.Ашимова Класс жетекшілер	жоспар
12	«Оқуға құштар мектеп» «100 кітап NS»	Көркем оқулар	Ақпан	Мектеп кітапханашылары Г.Жылысова	Фотоесеп

				Пән мұғалімдері	
13	Көрнекті қоғам және мемлекет қайраткері, Алаш қозғалысының жетекшісі, публицист, ғалым, аудармашы Әлихан Бөкейханның туғанына – <b>155 жыл</b>	Класс сағаты	11.03.	Г.Ашимова Класс жетекшілер	жоспар
14	Қазақ халық поэзиясының әйгілі тұлғасы, өлең сөздің дүлдүлі, жырау, жыршы Жамбыл Жабаевтың туғанына – 175 жыл	Класс сағаты	11.04.	Г.Ашимова Класс жетекшілер	Презентация
<b>3. Ұлттық тәрбие. Құндылығы:</b> туған жерге деген сүйіспеншілік сезімі, үлкендерді құрметтеу, табиғатқа ұқыпты қарау; ұлт, интернационализм; тарихты есте сақтау; патриоттық рух; Қазақстан ұлттары мен халықтарының гуманистік құндылықтары; ұлттық сана-сезім.					
1	5 қыркүйек – Тілдер күні	Класс сағаты	3.09.	Г.Ашимова Класс жетекшілер	фотоесеп
2	«Ұлттық теңге – тәуелсіз Қазақстанның айшығы»	Класс сағаты	19.11.	Г.Ашимова Класс жетекшілер	жоспар
3	«Book crossing» 1-2 кластар <a href="https://strategy2050.kz/news/balalardy-kitap-o-u-a-zyy-tyru-o-u-a-shtar-mektep-zhobasyny-erekshelikteri/">https://strategy2050.kz/news/balalardy-kitap-o-u-a-zyy-tyru-o-u-a-shtar-mektep-zhobasyny-erekshelikteri/</a>	Кітап оқу	желтоқан	Г.Ашимова	фотоесеп
4	«Рәміздерді құрметтеу» сурет салу 3-4 сыныптар	Суреттер галереясы	желтоқсан	Класс жетекшілер	Анықтама фотоесеп
5	Дәстүр мен ғұрып «Ата-баба дәстүрі - асыл мұра»	Класс сағаты	18.03.	Г.Ашимова Класс жетекшілер	жоспар
6	«Иманды ұл, инабатты қыз – өмір көркі» 1-4 класс	дөңгелек үстел	наурыз	Г.Ашимова Класс жетекшісі	жоспар
7	«Ұлттық ойындар – ұлтымыздың құнды мұрасы»	Класс сағаты	15.04.	Г.Ашимова Класс жетекшілер	жоспар
8	1 мамыр - Қазақстан Халықтары бірлігі күніне	Класс сағаты	29.04.	Г.Ашимова Класс жетекшілер	жоспар

**4. Отбасы тәрбиесі. Құндылығы:** толыққанды отбасын құру үшін денсаулық құндылығы; рухани байлық; неке құндылығы және отбасы мүшелерін құрметтеу, туыстары мен жақындарына деген адалдық сезімі; отбасылық дәстүрлер; мұралар мен салт-дәстүрлерді ұқыпты қарау; ана қасиеті; махаббат, адалдық, достық – сезімдері құндылығы.

1	Ата-аналар комитетімен жұмыс. «Отбасы клубы» «Әкелер кеңесі» жұмыс тобының жоспарын құру, жаңа құрамын сайлау, іс-шара жүргізу	жоспар құру, бекіту	қыркүйек	Әкімшілік Класс жетекшілер	жоспар
2	Класстық ата-аналар жиналысы	Жиналыс, брифингтер	жыл бойы	Әкімшілік Класс жетекшілер	хаттамалар
3	11 қыркүйек - Отбасы күні	Класс сағаты	10.09.	Г.Ашимова Класс жетекшілер	жоспар
4	Қиын балалардың ата-анасымен жеке жұмыс	Кездесулер	жыл бойы	Әкімшілік Класс жетекшілер	хаттама
5	«Менің отбасым» фотоальбом байқауы	байқау	қараша	Аға тәлімгер Класс жетекшілер	Анықтама фотоесеп
6	ата-аналар жиналысы	Онлайн жеке жоспар	желтоқсан	Әкімшілік Класс жетекшілер	хаттама
7	«Отбасындағы жасөспірімдердің тәрбиесінде кездесетін қиындықтар»	кездесу	жыл бойы	Г.Ашимова	анықтама
8	1 наурыз – Алғыс айту күні 1-11 классы	челлендж	1.03.	А.Бимолдина Класс жетекшілер	фотоесеп
9	«Бәрі де, ана, бір өзіңнен басталады»...	Класс сағаты	4.03.	Г.Ашимова Класс жетекшілер	жоспар
10	2020-2021 оқу жылының аяқталуы. Жазғы мектеп пен “Балақайлар мектебі” жұмысын ұйымдастыру. Мектепшілік ата-аналар жиналысы	ZOOM платформасы	мамыр	Әкімшілік Класс жетекшілер	хаттама
11	«Дүниежүзілік отбасы күні»	Класс сағаты	13.05.	Г.Ашимова Класс жетекшілер	жоспар

**5. Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие. Құндылығы:** еңбек ең жоғары құндылық ретінде; шығармашылық еңбек; еңбек мәдениеті; экономикалық сана-сезім; мамандық; мансап; функционалдық сауаттылық; компьютерлік сауаттылық;

жаһандық экологиялық сана-сезім; экомәдениет құндылығы, экологиялық мәдениет; табиғатқа ерекше құндылық ретіндегі сүйіспеншілік сезімі; туған жерге және кіші Отанға деген сүйіспеншілік сезімі.

1	27-қыркүйек – Еңбек күні. «Мен таңдаған мамандық»	тренинг	қыркүйек	Мектеп психологы А.Аманжолова	Анықтама фотоесеп
2	«Жануарлар әлемінде» 1-4 класс «Табиғатты сақтау-өмірді сақтау» 5-11 класс	класс сағаттары	15.10.	Г.Ашимова Класс жетекшілер	жоспар
3	Үнем – қоғам қуаты	Класс сағаты	22.10.	Класс жетекшілер	жоспар
4	«Қош келдің, алтын күз -2020» 1-11 кластар	көрме	қараша	Г.Ашимова Класс жетекшілер	фотоесеп
5	«Кім болам?» 9-11 кластар арасында класс сағаттары	Класс сағаты	желтоқсан	А.Аманжолова Класс жетекшілер	жоспар
6	«Табиғи сипаттағы төтенше жағдайлар»	Класс сағаты	14.01.	Класс жетекшілер	жоспар
7	«Ең жасыл класс бөлмесі»	Кабинеттерді гүлдендіру	Жыл бойы	Г.Ашимова Класс жетекшілер	анықтама
8	«Ерте жастан бастап экологиялық мәдениет» 1-4, «Іскерлік қарым-қатынас этикасы» 5-11 класс	Класс сағаттары	1.04.	Г.Ашимова Класс жетекшілер	жоспар
9	«Табиғаттың тамаша кезеңдері» экскурсияға шығу	экскурсия		Класс жетекшілер	фотоесеп
10	12 сәуір – Ғарышкерлер күні 1-4 класс Еңбек – елдің мұраты 5-11 класс	Класс сағаты	8.04.	А.Аманжолова Класс жетекшілер	жоспар
11	<b>«Адамзаттың экологиялық мәселелері»</b> <i>«Таза галамиар менен басталады!»</i> <i>«Тұрмыстық қоқыс мәселесі»,</i> <i>«Таза мектеп, таза аула»</i> <i>«Біз өмір сүріп жатқан қала»</i>	акция	Жыл бойы	Г.Ашимова Класс жетекшілер	фотоесеп
12	«Мамандықтың бәрі жақсы...»	Класс сағаты	22.04.	Класс жетекшілер	Жоспар
<b>6. Көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие. Құндылығы:</b> эстетикалық сана-сезім; эстетикалық талғам мен сезім; қазақ халқының, Қазақстандағы басқа да этностар мен этникалық топтардың ұлттық мәдениет құндылықтарын көркемдік-эстетикалық қабылдау.					
1	«Оқуға құштар мектеп»	Онлайн-әңгіме	қазан	Г.Жылысова	фотоесеп

	«Әлемдік мәдениет – кітапта» 1-4 кластар			Класс жетекшілер	
2	«Армысың, алтын күз!»	<i>Тақырып бойынша шаралар</i>	қараша	Г.Ашимова	фотоесеп
3	«Кешірімді қалай сұрау керек?» сауалнама	сауалнама	желтоқсан	А.Аманжоловна	анықтама
4	«Жасыл шырша» 1-4, 5-7, 8-11 кластар	<i>Ертеңгілік, кеш</i>	желтоқсан	Г.Ашимова	
5	«Театр сабақтары» жобалары	Жеке жоспар	Жылына 2 рет	Жауапты мұғалім	қойылым
6	8 наурыз – Халықаралық әйелдер күні	Жеке жоспар	наурыз	Класс жетекшілер	фотоесеп
7	«Біз бақытты баламыз!» балалар суретінің галереясы 1-4 класс	байқау	мамыр	Класс жетекшілер	фотоесеп
8	25 мамыр – соңғы қоңырау жиыны	Жеке жоспар	мамыр	Г.Ашимова Класс жетекшілер	Жоспар анықтама
<b>7. Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениет тәрбиесі. Құндылығы:</b> білімнің құндылығы; зияткерлік позицияның құндылығы; әр тұлғаның көшбасшылық қасиеттері мен дарындылығы құндылығы; ақпараттық мәдениеті, кибермәдениет және кибергиена.					
1	«Көшбасшылық қасиеттер арқылы оқушылардың өзін-өзі басқару құзыреттілігін жетілдіру»	онлайн тренинг	қыркүйек	Г.Ашимова	анықтама
2	«Ақпарат жүйесі мен IT – технологияларды дұрыс пайдалана білу» ашық әңгіме – сұхбат жүргізу	Дөңгелек үстел	қазан	А.Бимолдина	презентация
	«Ғажайыптар алаңы» интеллектуалдық ойын 1-4 кластар	Интеллектуалдық ойын	қараша	Класс жетекшілер	жоспар
3	«Жақсы кітап – жан азығы» «Оқы және өзгеге ұсын!» атты <i>букросинг</i> акциясы. «Отбасымен қосылып оқу» 9 кластар	Дөңгелек үстел	қараша	Класс жетекшілер	Жоспар фотоесеп
4	«Менің Отаным – Қазақстан»	кітаптар көрмесі	желтоқсан	Г.Жылысова	фотоесеп

5	«Барлық жағынан жетістікке жетудің сыры неде?»	дебат	желтоқсан	Тарих пәні мұғалімі	жоспар
6	Робототехника, «Сәндік қолданбалы өнердегі STEAM технологиялары»	Рубик кубигі жарысы, Жеке жоспар	Жылына екі рет	С.Омаров	жоспар
7	Қорлау (буллинг) деген не?	Сынып сағаты	4.02.	А.Аманжолова Класс жетекшілер	жоспар
8	«Брейн-ринг» интеллектуалдық ойыны, 8-9 класстар	Интеллектуалдық ойын	сәуір	А.Бимолдина	
9	«Үшқыр ой алаңы» дебат	дебат	сәуір	Тарих пәні мұғалімі	жоспар
<p><b>8. Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты. Құндылығы:</b> өз денсаулығына жауапкершілікпен қарау құндылығы; кәсіби іс-әрекеттің тиімділігі үшін психологиялық тұрақтылық; салауатты өмір салты, дене тәрбиесі мен спорт, физикалық жетілдіру мәдениеті құндылығы.</p>					
1	Вирусты гепатит, тұмау, туберкулез, менингит, COVID-19 ауруларынан сақтану жолдары.	Онлайн әңгіме	қыркүйек	Класс жетекшілер	Жадынамалар анықтама
2	«Мектеп лигасы» «Алтын доп», «Шұбар доп», «Теңбіл доп»,	Жарыс-ойындар	Жылына екі рет	Ескенова Б.А. Ергазин А.Б. Бердибек Н.	фотоесеп
3	«Жас сарбаз» әскери-патриоттық кулбы	Жеке жоспар	Жыл бойы	А.Алибав	жоспар
4	31 қазан – Ішімдіктен бас тарту күні. «Зиянды әдеттерден аулақ болайық!»	Класс сағаты	29.10.	Г.Ашимова Класс жетекшілер	жоспар
5	Жеңіл атлетикалық кросс «Алтын марафон», «Көктемгі кросс»	Жарыс-ойын	Жылына екі рет	А.Алибаев	жоспар
6	Репродуктивті денсаулық, нашақорлықтың, маскүнемдік пен темекі тартудың, АКТҚ алдын алу және салауатты өмір салты негіздері бойынша онлайн жұмыстар жүргізу	іс-шара	желтоқсан	Класс жетекшілер	фотоесеп

7	«Ғасыр індетінен сақтанайық!»	әңгіме	қаңтар	Класс жетекшілер	фотоесеп
8	«Тазалық -саулықтың негізі, саулық –байлықтың негізі»	Класс сағаты	28.01.	Класс жетекшілер	жоспар
9	Спорт секциялары бойынша түрлі іс-шара	Жеке жоспар	Жыл бойына	А.Алибаев	жоспар
10	«Вирус. Жұқпалы аурулар»	Класс сағаты	18.02.	А.Бекенова	жоспар
11	Дүние жүзілік денсаулық күні	Флешмоб	сәуір	Класс жетекшілер	фотоесеп